

**БАНУ СТАНБЕКОВНА КАЛДАЕВА «6D020100 ФИЛОСОФИЯ»
МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PhD)
ДӘРЕЖЕСІН АЛУ ҮШІН ДАЙЫНДАҒАН «ҚАЗАҚТЫҢ
ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ФЕНОМЕНІ»
ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯҒА ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ**

ПІКІРІ

Адамзат тарихында әйелге деген көзқарас ешқашан да біржақты болмаған. Көне өркениеттерден бізге жеткен мәліметтерді ақтарсақ, тіпті «әйелді адам ретінде қарастыруға бола ма?» деген сұрақтың да туындап отырғанын көреміз. Демократияның іргетасы қаланған көне Грекия ойшылдары Платон мен Аристотель әйел адам мен ер адамның әлеуметтік теңдігі мәселесіне келгенде, әйелдердің ер адамдардан төмен тұрғаны дұрыс деп түсініп, ер адамның басымдығын ақтауға тырысты. Сократтың өзі әйел мәселесіне келгенде: «үш нәрсені бақыт деуге болады: сенің жабайы жануар еместігіңді, сенің грек екендігіңді және сенің әйел емес, еркек екендігіңді» деп, менсінбеушілік көрсеткен екен. Антикалық ойшылдардың, әсіресе, Аристотельдің әйелге деген бұл көзқарасы кейінірек ортағасырлық діни философияның әйел адам туралы түсінігіне негіз болып, әйелдер жетілмеген тіршілік етуші, тек нәпсінің объектісі ретінде қарастырылды.

Тендік мәселесі кеңінен қарастырылған Жаңа дәуір философиясының көрнекті өкілі Рене Декарт өзінің таза ой әдісін ұсына отырып, бұл әдіс «әйелдерге де жарайды» деп ашық айтқан екен. Ол белгілі философтардың арасында әйелдердің жоқ екендігіне назар аударады және нағыз философ Сократ сияқты өз өмірі толығымен философия ісіне арнаған адам, ал әйелдер бұлай жасауға қабілетсіз деген пікір білдіреді.

Өткен тарихты айтпағанның өзінде, қазір еркіндік символы болып жүрген Еуропаның өзі күні кешеге дейін әйелді ер адамдардан төмендетіп, дискриминацияға ұшыратып келді. Қарап отырсақ, мынадай парадокске тап боламыз: қазіргі заманғы әлемдегі демократиялық үрдістің өзі оған әйелдерді саяси тұрғыдан қатыстырмауға ұмтылады екен. Тіпті, алдыңғы қатарлы Еуропа университеттерінің басым көпшілігі әйел адамдарға есіктерін жиырмасыншы ғасырда ғана аша бастады.

Шындығында, интеллектуалдық даму жағынан да, физикалық потенциалы жағынан да әйел адам ер адамнан еш кем емес, ол ой еңбегімен де, дене еңбегімен де айналысуға толық құқылы. Ешқандай ел де, ешқандай заң да әйелдің еркіндігін шектемеуі тиіс.

Әрине, әлемдегі көптеген мемлекеттер бұл салада оң істерге қол жеткізді. Әйел адамдар ел басқару ісіне тікелей араласып отырған Америка, Германия, Франция, Испания, Финляндия, Норвегия, Эстония сияқты елдерде ғана емес, өзімізде де билік басындағы әйелдер саны көбейе бастады. Ежелден келе жатқан Томирис, Айша Бибі, Домалақ Ана, Айғанымның дәстүрлерін қазіргі қазақ әйелдері тамаша жалғастыруда. Айталық, 1990 жылдардағы экономикалық дағдарыста да, қазіргі

қиыншылықтарда да отбасының негізгі ауыртпашылығын өзінің нәзік иығына жүктеп алған қазақ әйелі еді.

Бірақ әлем деңгейінде де, қоғам деңгейінде де мәселе әлі де болса шешілмей тұр, ол саяси философияның талдау объектісіне де айналды.

Соңғы ойға байланысты сұрақтар Батыс философиясында да, бізде де естіліп қалады. Әйелдің философияның объектісіне айналуымен келіскенмен, субъектісі болуын терістеушілер арамыздан табылып жатыр. «Қазір біздің елімізде доктор ғылыми дәрежесіне ие әйелдер саны көбейіп кетті. Бұл абсурд» деген пікірді де естідік. Біздің ойымызша, әйелдің интеллектуалдық қабілеті туралы мұндай ой білдіру қисынсыз.

Әйелдің қоғамдағы орны туралы айтқанда Карл Маркстің «әйелге көзқарас адамның жалпы мәдениетінің деңгейін көрсетеді» деген және Фридрих Энгельстің «қоғамдағы әйел эмансипациясының деңгейі – жалпы эмансипацияның табиғи өлшемі» деген сөздері есімізге түседі.

Қазақтың ғұлама ойшылы Мұхтар Әуезовтің тұжырымдары олардың пікірлерінен де мықты. Ер адамның қоғамда алатын орнын суреттей келіп: «Қай уақытта, қай халықта болсын, білім жолында жұрт қатарына жетерлік халық болу жолында ең керекті шарт – ақ жүректі екпінді ерлер. Халықты ілгерілететін солар. Оларсыз мақсатқа жақындау мүмкін емес» деген сипаттама береді. Бірақ ойшыл отбасындағы, халықтың өміріндегі әйел адамның рөлін бұдан да жоғары бағалайды.

Мұхтар Әуезов адам қызметінің екі түрін атап көрсетеді. Біріншісі – пайда-мақ-танды көздеген тіршілік қамы, хайуани салахият, екіншісі – «менен жақсылық тарап, адам баласына әлім келгенше пайдамды тигізсем екен деген жол. Бұл – инсаният, яғни адамдық жолы». Философ жазушының ойынша, адамдық жолына түспесе, жақсылықтың бәрі жамандыққа айналады. Сол баланы үйрететін, «адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты әйел халіне жалғасады». Себебі дейді кемеңгер жазушы, баланың тәрбиесін жүзеге асыратын – баланың әкесі қандай ғалым болса да, ол емес, қой сауып, тезек теріп жүрген анасы және ана берген тәрбие арқылы бойына сіңген адамгершілік өрнек баланың бойында қара тастай орнықты болады.

Әлеуметтік өмірде маңызды орынға ие қызға, әйелге деген осындай құрметті ақын-жыраулардың толғауларынан да көруге болады.

Олар жырлаған қазақ әйелі ең әуелі сұлу әйел. Сұлулық – әйелдің табиғи қасиеті. Белгілі қазақ философы Ғарифолла Есім тамаша жеткізгендей, «Әйел болмысы оның еркектен өзгешелігінде дедік, бұл ерекшелік неден көрінеді десек, ең алдымен айтарымыз, ол әйелдің сұлулығы және оның сұлулыққа шексіз ынтықтығы. Әйелдердің сұлулыққа құмарлығында сәбилікке ұқсастық бар. Оны біз әйелдердің қылығы деп түсінеміз. Сұлулықтан қашқан әйел – қылықсыз әйел, яғни өз табиғатына қарсы болған жан. Сұлу емес әйел жоқ».

Бұл түсінік философиялық антропологияның антикалық дәуірден қазіргі кезеңге дейін жалғасып келе жатқан натуралистік немесе биологиялық бағыты өкілдерінің көзқарастарына ұқсас. Ал қазақ халқының түсінігінде

әйел биологиялық тіршілік етуші, әдемілік пен әсемдіктің үлгісі ғана емес, М.Әуезов айтып кеткендей, тәрбие қазығы, ошақ ұйтқысы. Әйелдің отбасында атқарған осы қызметіне қазақ ерекше мән беріп, ұлттың болашағын, ағайын мен ағайын арасындағы, жалпы елдегі ынтымақтастық пен бірлікті көбіне әйелге байланысты деп түсінген.

Қазіргі қазақ әйелі туралы айтсақ, негізінен алғанда ол қазақ әйелінің классикалық үлгісін сақтап қалды және жаңа мазмұнмен толықтырды деп нық айта аламыз. Тілді философиялық тұрғыдан зерттеуші Фердинанд де Соссюр «әрбір халық өз тілінің кереметтігіне сенімді» демекші, менің өзім үшін қазақ әйелі – ең көрікті, ең ақылды, ең парасатты, ең зиялы әйел. Қоғамымыздың қай саласын алсақ та, ата-анасына сүйікті қыз, жұмысында озық қызметкер, отбасында адал жар, аяулы ана, кемеңгер әже, ағайын-бауыр арасында жақсы қарындас, қамқор апа, ибалы келін, мейірімді ене, тату абысын, сенімді құрбы болып жарқырап жүрген қазақ әйелін көресіз.

Міне, осы құбылысты әлемге паш ету, үлгі ретінде ұсыну үшін осы феноменді философиялық тұрғыдан талдау қазақ философтарының маңызды міндеттерінің бірі екені күмәнсіз. Сондықтан 2018 жылы «Философия» мамандығының докторантурасына оқуға түскен Бану Станбекқызы Калдаеваның философиялық білімі мен ғылыми дайындығын ескере отырып, өзімді көптен ойландырып жүрген осы тақырыпты докторлық ізденіс объектісі ретінде ұсындым.

Оқуын 2021 жылы табысты аяқтаған Бану бұл міндетті үздік атқарып шықты деп айта аламын. Диссертация жоспары тақырыпты ашуға бағытталған, бір-бірімен логикалық байланысты үш тараудан тұрады және олардың әрқайсысы отандық философия ғылымында бұрын-соңды баяндалмаған жаңа материалдарды қамтыған. Олардың мысалы ретінде бірінші тарауда қарастырылған әйел мәселесінің философия тарихында зерттелуі, әйел философтар, тарихтағы феминизм, гендер мәселелерін айтуға болады. Екінші тарауда түркі-қазақ мифологиясы мен дүниетанымындағы әйел бейнелерінің сабақтастығы, ақын-жыраулардың философиялық ой-толғауларындағы «жақсы әйел-жаман әйел» концептісі, қазақ ағартушылары мен ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының шығармашылығындағы әйел болмысы зерттелген. Үшінші тарауда қазіргі Қазақстан Республикасының гендерлік саясаты: ерекшеліктері мен перспективалары, жаһандану жағдайындағы қазақ әйелі бейнесі талданған.

Еңбектің ғылыми-теориялық деңгейі жоғары. Калдаева Б.С. тақырыпты зерттеу барысында философияның тарихи-философиялық, герменевтикалық, өмірбаяндық, аксиологиялық, диалектикалық әдістерін кең қолдана білген. Нәтижесінде диссертация мазмұны жалпы тақырыптың да, тарау тақырыптарының терең зерттеліп, ғылыми кеңесшілер мен ізденуші қойған мақсат-міндеттердің жан-жақты ашылғанын көрсетеді.

Диссертацияның практикалық маңызын ерекше айта кеткен жөн. Жаңа Қазақстан құру бағдарламасының басты бағыттарының бірі – еліміздегі бала және әйел мәселесін шешудің жолдарын іздеу екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, диссертация нәтижелерін ҚР Президентіне қарасты әйел істері және

отбасылық-демографиялық саясат бойынша Ұлттық комиссияға ұсынуға болады. Олар елімізде қордаланып қалған көптеген мәселелерді шешуге көмекші болары сөзсіз. Б.С. Калдаеваның ғылыми еңбегін болашақта монография түрінде қазақ және ағылшын тілдерінде жариялау да қазақ әйелі феноменін әлемдік деңгейде кеңірек насихаттауға себепші болар еді.

Ізденіс жұмысының жемісті болуы ғалымның тұлғалық ерекшеліктеріне тікелей байланысты екені күмәнсіз. Бану Станбекқызы докторантура барысында ғалымға тән ғылымға адалдық, еңбекқорлық, ұқыптылық, жауаптылық, табандылық, ғылыми этосты сақтау және тағы басқа қасиеттерді байқата білді. Шетелдік ғылыми кеңесші Кевин Кестермен бірге Скопус базасына кіретін, процентиі жоғары журналда бір мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған отандық журналдарда бірнеше мақала жариялады және халықаралық ғылыми конференцияларда диссертация нәтижелерін баяндады.

Сонымен қатар, Бану Станбекқызы Еуроодақ гранттық қаржыландырған «Жан Монне Эразмус + модуль» бағдарламасының «Digital humanities in the Republic of Kazakhstan: Local solutions for global problems» (2020-2023)» жобасына екі жыл бойы белсене қатысып, «Әйел мәселесі және Интернет» тақырыбына баяндамалар жасады.

Қорыта айтқанда, Калдаева Бану Станбековнаның «6D020100 Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақтың философиялық дүниетанымындағы әйел феномені» диссертациясы аяқталған, ғылыми-теориялық және практикалық деңгейі жоғары, ғылыми жаңалығы, отандық ғылымға қосар үлесі мол еңбек деп бағалап, қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші,
философия ғылымдарының докторы, профессор Нұрышева Г.Ж.**

